

ЕКІ ТІЛДІ ИДЕОГРАФИЯЛЫҚ ОҚУ СӨЗДІКТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ДИДАКТИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

Мұханбетжанова А.Р. – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының оқытушысы

Лингвистиканың қоғам алдында есеп беретін, қоғамға көрсететін басты өнімі – сөздік. Лексикографиялық жұмыстар - жалпы тіл мәдениетіндегі табыстарды, тіліміздегі сөздердің кодификацияланған (қалыптанған) нормаларын қалың жұртшылыққа жеткізудің бір формасы. Бұқаралық ақпарат құралдарында (баспасөз, радио, теледидар), орта және жоғарғы оқу орындарында оқылтын лекциялардың бәрі, кез келген кеңсе қызметкерлері, жаппы жұртшылық осы сөздікгерге жүгінеді. Сөздіктер тілді жүйелендіруде, әдеби тілдің нормаларын қалыптастыруда тікелей жәрдемі көп.

Қазіргі таңда еліміз егемендік алып, елдігіміздің іргесі қаланып келе жатқанда, көпұлтты Қазақстан үшін мемлекеттік тілін өзге ұлт өкілдеріне үйрету ісі аса маңызды міндеттердің бірі. Идеографиялық оқу сөздіктері қазақ тіліндегі түсініктер мен ұғымдардың жіктелім жүйесін айқын көрсетуге жағдай жасайтын, оның мүмкіншілігін, әлеуетін ұлғайтатын, лексикалық жүйені семантикалық байланыстар тұрғысынан сипаттайтын, тілүйренім үшін ерекше маңызды оқу құралдарының бірінен саналады. Түсіндірме сөздіктердегі әліпбилік түзілім тәртібі тілдің лексикалық құрамын бейнелеудің сан ғасырлар бойы қалыптанып, тұрақтанған, ыңғайлы әдісі болып табылады. Алайда әліпбилік сөздіктерде лексикалық бірліктердің арасындағы жүйелі семантикалық байланыс толық көрініс таба алмайды. Сөздерді әріптердің орнына сәйкес әліпби, графика және орфография заңдылықтарына орай тізбелеп беретін сөздіктердің бір кемшін тұсы осы мәселеге байланысты. Сол себепті қазақ тілін тез меңгеру ісінде идеографиялық сөздіктердің қосар үлесі зор.

«Екі тілді идеографиялық оқу сөздіктеріне қойылатын дидактикалық талаптар» атты мақалада қазіргі қолданыста бар сөздіктерде сөз мағыналарын анықтаудағы типтік топтарға бөлінді. Сонымен қатар, мақалада идеографиялық оқу сөздіктерінің құрылымы, ондағы сөздердің берілу тәртібі, сөз мағыналарының ашылу заңдылықтары, сөзтізбенің түзілу ерекшеліктері өз дәрежесінде зерттеу нысаны туралы айтылады.

Мақала филология мамандығында оқитын студенттерге, магистранттарға және көпшілік қауымға арналған.

Кілт сөздер: сөздік, идеографиялық сөздік, семантикалық байланыс, дидактикалық түзілім.

ДИДАКТИЧЕСКИЕ ТРЕБОВАНИЕ К ДВУХЯЗЫЧНЫМ ИДЕОГРАФИЧЕСКИМ СЛОВАРЯМ

Мұханбетжанова А.Р. – преподаватель кафедры журналистики и коммуникационного менеджмента Костанайского государственного университета имени А.Байтұрсынова

Главный продукт лингвистики, которую предоставляют обществу это - словарь. Лексикографические работы одна из форм передать публике нормы кодификационных слов в нашем языке и общие достижения языковой культуры. В СМИ (радио, телевизия, пресса), все лекции читаемые в средних и высших учебных заведениях, любой клерк, вся публика обращается за помощью к словарю.

На сегодняшний день, когда наша страна получила независимость, многонациональному Казахстану важно научить граждан государственному языку. Классификация понятий, понятия идеографический словарь на казахском языке обучения, создающих условия для оказания четкой системы, ее возможности, увеличивать потенциал, с точки зрения связей, характеризующих лексико-семантической системы языка является одним из важных средств обучения. Алфавитный порядок в толковом словаре является проверенным, удобным методом изобразить языковой состав лексики. Однако, в словаре алфавитного порядка системная семантическая связь между лексическими единицами не найдет полное представление. Минус словарей алфавитного порядка связана с этой проблемой. Поэтому орфографические словари в быстром изучении государственного языка окажет немалый вклад. В статье «Дидактические требования двуязычным идеографическим учебным словарям» делится типовым группам, чтобы определить значение слов в теперешнем употреблении есть словарях. А так же, в статье говорится о структуре идеологических словарей, о порядке передачи слов в словаре, о законности раскрытии значение слов, об особенностях строение словника.

*Статья для студентов филологического факультета, магистрантов, и для всех желающих.
Ключевые слова: словарь, идеографический словарь, семантическая связь, дидактическое строение.*

DIDACTIC REQUERMENTS OF BILINGUAL IDEOGRAPHIC EXPLANATORY DICTIONARIES

Muhanbetzhanova A.R - teacher of the department of journalism and communication management of Kostanay State University named after Akhmet Baytursynov.

The main product of linguistics that provides public is dictionary. Lexicographic work is a form of transfer to the public norm codification of words in our language and common achievements of language culture. In the media (radio, TV, the press), all lectures are given in secondary and higher educational institutions, every clerk, all the public turns for help to a dictionary.

Today, when the country gained independence, the multinational Kazakhstan is important to teach the citizens of the state language. Classification of concepts, concepts of thesaurus and the Kazakh language learning, creating conditions for the provision of a clear system, its capabilities, increasing the potential, in terms of relationships that characterize the lexical semantic system of language is an important means of instruction. Alphabetical order in the explanatory dictionary is a proven, convenient way to represent the linguistic composition of the lexicon. However, in the dictionary alphabetically system semantic link between lexical units not find a complete picture. Less dictionaries alphabetical order associated with this problem. Therefore spelling dictionaries in the rapid study of the state language will provide a significant contribution. In the article "Didactic requirements bilingual dictionaries ideographic teaching" model is divided into groups to determine the meaning of words in the present use of a dictionary. And also, the article says about the structure of ideological dictionaries, on the order of the transfer of words in the dictionary on the legality of the disclosure of the meaning of words, about the features of the structure of the glossary.

Article for students of philological faculty, graduate students, and to everyone.

Keywords: dictionary, thesaurus, semantic relationship, didactic structure.

Лексикографияда сөздіктердің айрықша түрі болып табылатын идеографиялық оқу сөздіктері оқыту мақсаты мен тілді меңгерту құралы ретінде ерекшеленеді. Идеографиялық оқу сөздігінің үш негізгі қызметі бар: оқыту, анықтама беру, жүйелеу. Басқа сөздіктермен өзіндік ұқсастықтары мен айырмашылықтары болумен қатар оның өзіне ғана тән мақсат-міндеті де бөлек. Тілді үйретуге арналған сөздіктің бір түрі ретінде идеографиялық сөздік лексикалық қорды оқу мақсатына сәйкес кешенді түрде сипаттайды. Идеографиялық оқу сөздіктерін түзуде лексикалық жүйені оқытудың әдістемелік аспектілері де ескеріледі. Атап айтқанда, оқыту кезеңі, жас ерекшелігі, білім деңгейі, мамандығы т.б. Бұл сөздіктің көлеміне, сөздік бірліктердің берілуіне, сипаттаманың әдіс-тәсілдеріне өз деңгейінде әсер етіп отырады.

Тақырыптық үлгідегі идеографиялық оқу сөздіктерінде кез келген лексикалық бірліктер беріле бермейді. Онда нақты бір тақырып бойынша ұйымдасқан, шоғырланған мағыналы сөздер ғана түзіледі. Әр тарау өз ішінен тақырыпшалар мен шағын тақырыптарға жіктеледі. Тақырыптық микрожүйе құрастыруда сол тақырыпқа сәйкес сөзжасам модельдері, сөзжасамдық ұялар ескерілуі тиіс. Сөздерді топтастыруда оның жүйелі сипаттары толық ескерілуі керек. Идеографиялық сөздік құрастыруда сөздердің тақырыптық және лексика-семантикалық байланыстарының маңызы зор. Сол себепті идеографиялық оқу сөздіктерін түзуде мағынадан тұлғаға қарайғы функционалды-семантикалық бағыт пен тілдік бірліктердің семантикалық жүйелілігі ұстанымына ерекше назар аудару қажет. Идеографиялық оқу сөздіктеріндің негізгі мақсаты – белгілі бір ойды жеткізу үшін қажетті тақырыптық сөздерді таңдауға көмектесу болып табылады. Прагматикалық тұрғыдан зерттегенде, тілдік бірліктер маңызды компонент ретінде қарастырылады, ол жалпы жағдаятты, адресанттың әлеуметтік белгілерін ескере отырып, тілдік бірліктерді қатынас құралы ретінде қолданушы адамның ерекшеліктерімен байланысты болып келеді. Сөздіктегі тілге жасалатын функционалды, коммуникативті, прагматикалық сипаттама өзара тығыз байланысты, әрі бірін-бірі үнемі толықтырып отырады. Тіл арқылы қарым-қатынас жасау барысында сөздікті түзуші прагматикалық, коммуникативті кеңістікті анықтайтын тілдік әрекеттердің субъектісі ретінде көрінеді. Ол коммуникативтік қызмет барысында тілді тұтынып, осы қатынастарды атап, көрсетіп, білдіреді, ал адресат осы мағыналарды қабылдап, талқылайды.

Қазақ лексикографиясын зерттеуші М.Малбақов сөздікте үш түрлі интенцияның болатынын жазған еді. Олар: дидактикалық, анықтамалық және ғылыми интенциялар. Түсіндірме сөздіктің құрылымын зерттеуге арналған еңбегінде ғалым: «Жалпылама қолданымға арналып жасалатын түсіндірме сөздіктердің жұртшылық тарапынан үнемі қолданымда болуы және неғұрлым ұзақ уақыт ішінде (ондаған, жүздеген жылдар бойы) қолданымда болуы ондағы интенциялардың арасалмағына байланысты. Егер сөздіктегі ғылыми интенция басқаларынан өте басым болса, ол сөздік негізінен

ғылыми жұртшылықтың пайдаланатын кітабы болмақ. Анықтамалық интенция басым болса, энциклопедияға айналып кету қаупі бар. Дидактикалық интенцияның басымдығы оны негізінен тіл үйренім, оқу құралына айналдырады. Сондықтан, сөздіктің шын мәнінде халық кітабына айналуы үшін, ғұмыры неғұрлым ұзақ болуы үшін, ондағы үш интенция теңгермелі қалыпта болу керек» деген тұжырым жасаған болатын [6,102]. Ғалым сөздіктің тілі туралы ойларын тұжырымдай келіп: «Сөздіктің ғылыми еңбек, анықтамалық құрал болуымен бір мезгілде тілүйренім құралы ретіндегі қызметі де баршаға аян. Сөздік - тілді үйрету ісінде оқулық пен сөздіктің міндетін бірегей түрде атқаратын оқу құралы болып табылады. Бұл тұрғыдан әсіресе түсіндірме сөздіктің құндылығы даусыз. Академик Л.В.Щерба тілді үйренудің ең тиімді құралы ретінде түсіндірме сөздікті - үйренілетін тілдің түсіндірме сөздігін атаған еді» деген болатын.

Оқу лексикографиясының туындыларында дидактикалық интенцияның басым болатындығы белгілі. Ал енді жалпы сөздік атаулының бәрінде де дидактикалық интенцияның басым болатындығы туралы ойдың сонылығы анық. Мұндай тұжырымды әлемдік лексикографияның теориялық тұрғыдан зерттелуіне зор еңбек сіңірген француз лексикографтары К.Дюбуа мен Ж.Дюбуа жасайды. Ғалымдардың пікірі бойынша, жалпы сөздік атаулы дидактикалық жанрдағы туындыларға жатады. Сол себепті осы жанр ауқымындағы лексикографиялық айтылым педагогикалық тілге тән ең маңызды сипаттамаларға ие болады [2,26]. Сөздіктің тілі, авторлардың тұжырымы бойынша: «ғылыми талдаудан өткізілген, зерделенген тіл. Аристотельдің үлгісі бойынша бөлшектерге бөлінген мәтін. Табиғи тілдегі біртұтас айтылым тіл білімінің қағида, ережелері бойынша жеке-жеке сөздерге мүшеленіп, ол сөздердің өзі белгілі бір қалыптарға түсіріліп, белгілі бір сөз таптарына телінеді. Табиғи тілдегі сөздер ғылыми сараптамадан өткізіліп, жасанды тілдегі (ғылым тілі) лексикалық бірліктер ретінде белгіленеді, таңбалады, жік-жікке бөлінеді. Осындай бірліктерді жинақтаушы сөздік, шын мәнінде, екінші қатарлы туынды болып табылады. Оның нысаны *тіл* мен *әлем* емес. Оның нысаны – *тіл туралы, әлем туралы жұрт не айтады, не дейді*, - міне, сол» . М.Малбақов жоғарыда келтірілген тұжырымда «сөздік тілінің бірінші қатарлы табиғи тіл емес, екінші қатарлы жасанды тіл, ғылыми тіл яғни *ғылыми метатіл* болып табылатындығын меңзеп отыр. Сөздіктің метатілі туралы айтып отыр» деген қорытынды жасайды. Шынында да, сөздіктің тілі табиғи тілдің жүйесін арнаулы талдаудан, ой сүзгісінен өткізіп, өз алдына қойылып отырған мақсатқа сай қалыпта көрсетеді.

Француз лексикографтары келесі кезекте алдыңғы ойды жалғастырып, оны нақтылай түседі: «педагогикалық тілдің кез келген түрі тәрізді, сөздік те оқырманды коммуникацияның нақты бір айқын типіне бағыттайды. Әрі сөздіктің авторы, әрі коммуникация субъектісі болып табылатын лексикограф өзімен сырттай пікірлесуші оқырмандар тарапынан өзіне қойылатын сауалдарға бағдар ұстайды. Олар лексикографқа оның өзіне тиесілі емес мәтіндер туралы сауал қояды. Сауалдарға жауап бере отырып, лексикограф коммуникациядағы айқын субъект ролінде көрінбейді, коммуникацияның ұжымдық субъектісі яғни қоғам атынан сөйлейтін байланыстырушы, дәнекер бейне ролінде көрінеді. Демек, лексикограф қоғам тарапынан жүзеге асырылатын ұжымдық айтылымның болжалды субъектісіне айналады. Оқырмандар өздерін идеалды түрдегі сөйлеуші субъект ретіндегі лексикографпен біртүтін санайды. Ал сөздікте берілетін жауаптар нақты мәдени қауымдастық атынан айтылатын соңғы ақиқат болып табылады. Сөздіктен алынатын білік пен білім оқырмандардың кемістіктерінің орнын толтыруға көмектеседі. Лексикографтың білігі мен жекелеген оқырмандардың толымсыз білігі арасындағы алшақтықты жояды. Осылайша, сөздіктегі лексикографиялық хабарламаның табиғаты да оқытушы ұстаздың педагогикалық хабарламасының табиғатымен бірдей. Лексикограф істен мүлде сырт қала алмайды. Оның тілге деген, тілге жасаған өз сипаттамасының негізінде жатқан лингвистикалық теорияларға деген өзіндік ғылыми көзқарастары бар. Ол *ғылыми хабарламаның* авторы болып шығады. Және оның іс-қимыл мәнері педагогикалық тіл (айтылым) авторынікіне қарағанда басқарақ. Лексикографтың позициясы белгілі бір теориядан, басқа теорияларға қарсы қойылған, өзі жөн санаған, лайықты деп тапқан теориядан келіп шығады. Осылайша, бір жағынан, ғылыми полемикалық әдіс-тәсіл, екінші жағынан, педагогикалық нормативті әдіс-тәсіл арасында қарама-қайшылық бар екендігі байқалады. Міне осы себепті лексикографтың өз ғылыми хабарламасын тікелей, төтенше, еш аралық сатысыз жүзеге асыруы қиын.[1,110]

Білімді, білікті ұстаз – шәкірт үшін қоғамдық-мәдени ұжыммен барабар түсініледі. Оқушы да өз тарапынан өзінің толымсыз білігі мен ұстаздың білігі арасындағы алшақтықты азайта беруге ұмтылады. Осы ұмтылыс, осы үдеріс, - лексикографтың мәдениетпен, тілдік нормамен барабарластырылуы, теңдестірілуі - педагогикалық тілге тән ерекшеліктердің салдары болып табылады. Автордың жасырын, беймәлім болуы оның тұжырымдарының, оқырмандарға берген жауаптарының өтімділігін, пәрменділігін, беделділігін қамтамасыз етеді». Ғалымдар осы еңбектері арқылы сөздік тілінің ең алдымен педагогикалық тіл болып табылатынын бұлтартпастай дәлелдейді. Оқу лексикографиясының негізгі туындысы ретіндегі оқу сөздіктерінде дәл осындай педагогикалық қызмет орын алады. Лексикограф оқырманның тілді өзбетінше меңгеруіне жағдай туғызады. Оқу сөздігінің беттерінен, белгілі бір виртуалды қашықтықтан, оқырманмен тілдесіп отырады.

Француз авторларының пікірі бойынша, «сөздік бір мезгілде әрі *тілге белгілі бір нақты дәрежеде жасалған сипаттама*, әрі *адам туралы хабарлама* болып табылады. Демек, сөздік *мәдениеттің белгілі бір типі туралы хабарлама* болып шығады. Осылайша, сөздік екі объектіге:

онтологиялық (тіл) және идеологиялық (мәдениет) - сілтейді деуге болады». Ғалымдар өз тараптарынан айтылған ойды қостайтын тұжырым ретінде француздың ұлы лексикографы А.Рейдің сөзін келтіреді: «Өзінің басты объектісі ретіндегі тіл туралы хабарлама бере отырып, сөздік сонымен бірге әлем жайлы да бөлшектенген хабарлама жасайды»[1, 112]. Демек, сөздік ең алдымен дидактикалық құрал бола отырып, екіншіден, ғылым мен мәдениет туралы ақпар беретін анықтамалық құрал, үшіншіден, өзге туындылардан ерекше ғылыми еңбек болып табылады.

Оқу лексикографиясында оқу сөздігінің алатын орны ерекше. Оқу сөздігі – тілдік қатынас және тілдесім құралы ретінде зерттеу ісінде көмегі болатын, көлемі мен типі жағынан алуан түрлі болып келетін лексикографиялық туынды (В.В.Морковкин). Сөздіктің бұл түрінің басты ерекшелік белгісі – оның тілді үйрету ісіне бағдарлануы. Оқу сөздігінің сөздіктің басқа типтерінен басты айырмасы – оның лексикографиялау тәсілі мен бағдарына байланысты. Олар адамның тілдік санасына тілді үйрету мүддесі тұрғысынан әсер етуді көздейді. Демек, оқу сөздіктері антропоцентристік болады. Оқу сөздіктерінен басқа типтегі сөздіктерді лингвоцентристік сөздіктер деп аталады. Лексикографиядағы аталған екі түрлі тәсілдің айырмашылығы түсіндірме сөздіктердің сөздік мақала құрылымынан байқауға болады. Лингвоцентристік тәсілмен жасалатын түсіндірме сөздіктерде басты назар тілдің құрылымын сипаттау мәселесіне аударылады. Ал антропоцентристік тәсілмен түзілетін түсіндірме сөздіктегі мақсат – тілді үйренуге, меңгеруге көмектесу. Оның үстіне оқу сөздігі деп аталатын шағын көлемді түсіндірме сөздіктердің барлығы бірдей өз атына сәйкес келе бермейді.[3,72] Олардың көпшілігі жалпылама қолданымға арналып түзілген үлкен түсіндірме сөздіктердің сөздік құрамын жай ғана қысқарту, сығымдау, ықшамдау жолымен жасалып жүргендіктен сапасы нашар болып шығады. Ғылыми негізде жасалатын шын мәніндегі оқу сөздігінің жүйесі мен құрылымы мүлде басқаша болады.

Оқу сөздігінің негізіне алынатын басты қасиет – оның антропоцентристік сипаты болып табылатындығын Р.Түсіпқалиева да атап өтеді. Ғалымның пікірі бойынша, «барлық сөздіктерді сипаттау ең әуелі лингвоцентристік сипаттау және антропоцентристік сипаттау болып екіге бөлінеді... Лингвоцентристік ұстанымда тіл бұрыннан бар, бұрынғы мәтіндерде тіркелген, ол тілде сөйлеуші субъектіге қатысы жоқ құбылыс түрінде көрініс береді. Сипаттаманың бұл түрінде тілдік механизмді құрайтын типологиялық тұрғыдан алуан түрлі құбылыстар мен процестерді белгілеп, кезекпен сипаттау жүзеге асырылады. Сондықтан сипаттаманың бұл түрін сипаттамалы-жүйелеуші деп атайды. Лингвоцентристік тәсіл тілге дәстүрлі сипаттама жасалатын академиялық грамматикалар мен сөздіктерде жүзеге асырылады. Тілді лингвоцентристік негізде қарастыратын тіл ғылымын сипаттамалы-жүйелеуші лингвистика деп атауға болады. Антропоцентристік көзқарас тұрғысынан тіл адам санасының туа бітті қасиеті ретінде емес, адам санасында уақыт өте келе пайда болатын мәнді құбылыс, демек, бірте-бірте қалыптасатын, бірте-бірте белгілі болып, айқындала, ашыла түсетін құбылыс ретінде ұғынылады. Антропоцентристік тәсілдің мәні, біріншіден, тілді үйренім нысаны ретінде жүйелі түрде сипаттаудан, екіншіден, тіл мен адамның әрекетке түсу сипатын анықтаудан көрінеді. Өз тұжырымдарын антропоцентристік көзқарас тұрғысынан сипаттайтын лингвистиканы *антропоцентристік лингвистика* деп атайды. Сипаттамалы-жіктемелік лингвистикада тілдің жиынтық әлеуметтік құбылыс ретіндегі қалыптасуы мен қызмет етуі сөз болса, антропоцентристік лингвистикада негізінен, бейнелі тілмен айтқанда, адамның тұла бойында өркен жайып, өсіп шығатын организм ретіндегі тіл қарастырылады. Демек, тілүйренімдік лексикография педагогикалық лингвистикада жүзеге асырылып отырған антропоцентристік көзқарасқа негізделуі керек» [6,15].

Идеографиялық сөздіктерде сөздің семантикалық сипаттамасын жалпылап жинақтау ұстанымы кеңінен қолданылады. Идеографиялық оқу сөздіктерінде сөзді сипаттаудың негізгі тенденцияларын анықтау үшін сөздердің мағыналарының ашылу тәсілдері мен құралдарын салыстыру керек. Сөздің мағыналық құрылымын көрсетуде бірізділіктің болмауы сөздікті құрастырушылардың теориялық ұстанымдарының әр түрлі әртүрлі болуынан ғана емес, сөз семантикасының академиялық сөздіктерде толық жетілдірілмеуінен де болады. Тілдік жүйені сөздердің лингво – семантикалық нұсқалары деңгейінде ықшамдаудың күрделілігінен, сөздіктерде көп мағыналылықтың түрліше көрсетілуінен болатыны да белгілі. Бір сөздіктегі бір мағынаға басқа сөздікте бірнеше мағына сәйкес келеді. Бір сөздікте сөздің мағыналық реңкі деп бағаланған нәрсе басқа сөздікте дербес мағына ретінде беріледі. Жоғарыда айтылған объективті себептерге байланысты идеографиялық оқу сөздіктеріндегі сөздің мағыналық құрылымын көрсету мәселесі әлі күнге дейін біржақты шешілген жоқ. Бұл, әсіресе көпмағыналы бірліктерге қатысты. Көпмағыналы сөздің мағыналарын жинақтап, жалпылай беруден ол сөздің басқа бір мағынада жұмсалыу қабілеті, өзіндік ерекшелігі жоғалуы мүмкін. [7] Көпмағыналы етістіктердің жеке мағыналарының айырмашылығы оларды шектеген жағдайда ғана көрініс табады. Көпмағыналы етістіктердің мағыналарын жинақтап берудің бір тәсілі ретінде сілтеме жасау әдісі қолданылады. Әртүрлі бағыттағы қозғалысты көрсететін көпмағыналы етістіктердің жеке мағыналарын сілтеме жасау арқылы және бір бағыттағы қозғалысты білдіретін етістіктердің мағынасымен теңбе – тең етіп жинақтап беру осы мағыналард тілдік мысалдармен ашып, етістік қимылының сипатын көрсеткен жағдайда ғана дұрыс болады. Дегенмен, кей жағдайда сілтеме жасау тәсілі етістіктің мағыналық құрылымын қате көрсетуге әкеліп соғады. Мысалы: бар – етістігі жүр – етістігі әртүрлі бағыттағы, түрлі уақыттағы болатын қозғалысты көрсетеді. Дәлізбен жүру. Артқа және алға жүру.

Дүкенге бару. Автобустар үнемі жүреді. Шеткі ауылдарға паром жүреді. Сағат тура жүреді. Бар етістігінің мағыналарын нақтыламай, жүр етістігіне сілтеме жасау, бір жағынан мағыналардың толық ашылмауына, екіншіден тек бар етістігіне тән мағынаның жүру етістігімен теңестірілуіне әкеліп соғады. Осылайша, етістіктердің мағынасын жинақтап беру оның сөздіктерде сөздік бірліктердің мағынасын ашудың алғашқы сатысы – мағынаның заттық немесе ұғымдық компоненттерін көрсету, яғни мағынаның парадигмалық және синтагмалық компоненттерін көрсету. Бұл – ең маңызды кезең болып табылады. Парадигмалық қатынастар түсіндірмеде де, сөздік мақаланың арнаулы бөлімдерінде де ескеріледі. Сөз мағынасының түсіндірілуі оның басқа сөздермен парадигмалық қатынасына байланысты болады. [5]

Лексикографияда сөз мағынасын ашу мен сипаттау жолының мынадай аспектілері көрсетіліп жүр: бір топқа жататын сөздердің мағынасын бірдей үлгіде ашу; семантикалық жағынан өзара жақын сөздердің мағыналарын ашқанда, олардың ортақ және айырым мағыналарын жіктеп көрсету[8]. Мұндай ұстаным сөздіктегі тілдік материалды нақты бір жүйеде беруге және сөз мағынасын жан – жақты, толық сипаттауға мүмкіндік береді.

Түсіндірме сөздіктегі сөз мағынасын анықтау тектік – түрлік принцип негізінде жүзеге асырылады [9,79]. Бұл жалпы және арнайы ерекшеліктеріне байланысты. Оның біріншісі ұғымдардың сөзден берілетін туыстық ұғымдарын білідіреді, екіншісі – түрлік, жеке белгілерін көрсетеді. Туыстық белгілері әдетте, аудару арқылы емес, олардың баламасын (сейф - шкаф) білдіретін сөз арқылы сипатталады. Түрлік жеке белгілер аудару (сейф – бағалы заттар мен құжаттар сақтайтын, жанбайтын шкаф) арқылы беріледі.

Түсіндірме сөздікте берілетін сөздерге қойылатын талаптар мынадай:

а) анықтама түсінікті болуы керек. Сөздіктердің басты артықшылығы – тілді пайдалану күрделілігімен түсіндіріледі;

ә) анықтамада айқындалатын нәрсенің басты деген белгілері көрсетіледі. Ал бастылары, мәнділері деп, берілген мәліметтерді жүйенің мүшесі деп қабылдайтын берілген әрі басқа мүшелеріне қарама – қарсы қойылған сөздегі белгілерді айтуға болады. Әрбір белгі сөз мағынасының мәнді деген элементтерін мүшелеп шығуға мүмкіндік береді;

б) сөз мағынасын анықтау айналасынан тәуелсіз болуы тиіс;

в) мағынаны анықтауда мүмкіндігінше, таптаурындылықтан сақтану қажет. Таптаурынды талдаудың мейлінше кеп тараған түрі синонимдер болып табылады. Сөз мағынасы дифференциалды семантикалық белгілерден тұрады. Сөздерді синонимдер арқылы талдау, оны басқа біртұтас бірлікке біртұтас теңестіру (тілде абсолюттік синоним ете аз болуы себепті) мүмкіндігіне жол ашады.[9,75] Сонымен, түсіндірме сөздікті құрастырушылар салалық, көнерген және т.с.с. мағынасын айқындау қажет болған жағдайда ол сөздер аударма сөздікті құрастырушылар сияқты қызмет атқарады. Ол, негізінен, сөзді әдеби тілге аударды, яғни, оны сәйкес келетіндей әдеби сөзбен теңестіреді. Осыған байланысты, талданып жатқан сөз, оның қолданылу аясы мен шекарасын қалыптастыратындай, стилистикалық белгілерді негіздеп береді. Сөз мағынасын синонимдер арқылы анықтау -синонимдерді сөздікке пайдалану емес екенін есте ұстаған жөн. Бірінші жағдайда біз, талдаудағы таптаурындылыққа тап келеміз. Екіншіден - синонимдер мағыналардың шетін анықталуынан соң ғана келтіріліп отырады және сөздердің басқа сөздермен семантикалық байланыс қалыптастыруға жәрдемдеседі. Синонимдерді бұлайша пайдалану өзін-өзі ақтаған тәсіл болып табылады. Онда түсіндірме сөздікке аналогиялық сөздікке тән элементтерді енгізу байқалады. Лексиканы идеографиялық тұрғыдан жіктеуде сөз мағыналарына талдау жасауда, айтарлықтай ықпал етеді. Сөздерді лексикалық парадигма құрамында қарастыру оның мағынасын тиісті дәрежеде анықтап беруге жол ашады. Түсіндірме сөздіктерде сөз мағыналарын анықтау, сөздердің мағыналарын басқалармен салыстыруға негізделеді. Салыстырудың мақсаты - бір атаудан екіншісіне шектеу үшін мәнді болып табылатын айырмашылықтарды анықтау. Алайда көп жағдайда сөздіктерде қанағаттанғысыз, бір сөзден екінші бір сөзге сілтеніп отыратын оларды анағұрлым заттық-мағыналық байланыстарда айқындайтын анықтауыштардың сөздерді анықтау жайы кездесіп отырады.

Қазіргі қолданыста бар сөздіктерде сөз мағыналарын анықтау, әр уақыт қанағаттандырарлық дәрежеде емес. Осы жолда кездесіп отыратын көптеген типтік қателер төмендегідей топтарға бөлінеді:

- ұғымдар нысанының өлшеусіздігі (анықтау көлемі көп не аз анықталатын);
- мағыналық қарама-қайшылық (берілген сөздерді талқылау үшін пайдаланылған сөз мағынасы, бір-біріне қарама-қайшы болады);
- сілтеме ретінде берілген сөздің түсініксіз күйде қалуы (сілтемеде көрсетілген сөз сөздікте мүлде жоқ болуы мүмкін);
- көпмағыналы сөздің нақты қай мағынасы талданып отырғаны түсініксіз күйінде қалуы мүмкін.

Идеографиялық сөздіктерді анықтама мақсатын көздейтін құрал ретінде қарастыруға да болады. Оның өзіне ғана тән ерекшеліктері бар. Атап айтқанда:

- сөздердің мақсатты түрде сұрыпталуы;

- сөз санының шектеулі болуы;
- ақпараттың берілу сипаты мен көлемі мақсатына сәйкес болады;
- сөздік құрамды оқыту үдерісімен тікелей байланысты болады.[7]

Ал лексикографияға келер болсақ, осы типтегі сөздіктердің белгілі бір прецедентін жасаудан басқа идеографиялық сөздік орыс тілінің түсіндірме сөздігіндегі және шетел-орыс сөздіктеріндегі сөздердің мағыналарын анағұрлым білікті түрде айқындауға мүмкіндік береді. Сөздік материалдың тақырыпқа жіктелуі кең не тар шеңберде болуы мүмкін. Тақырыптық сөздік түзудегі негізгі мақсат - тілді меңгерту. Тақырыптық сөздіктерге лексикалық бірліктерді сұрыптауда функционалды-семантикалық принцип басшылыққа алынады. Лексикалық бірліктердің тақырыбы олардың қарым-қатынас барысындағы қолданыс ерекшелігімен, қай салада қолданылуымен тығыз байланысты болады. Тақырыптық сөздікте лексикалық бірліктерді іріктеу мәселесі орыс тіл білімінде И.П.Слесарев, П.Н.Денисов, В.В.Морковкин, Л.Г.Саяхова т.б. ғалымдардың еңбектерінде сез болады. Сөздік бірліктерді тақырыптық жағынан топтастырғанда, тілдің коммуникативті, функционалды жағы ескеріледі. Сөздерді тақырыптық жағынан топтастырғанда, оларға тілдік факторлар емес, тақырып, сөйлеу ортасы сияқты тілден тыс факторлар ескеріледі. Сол себепті сөздердің ішкі, тілдік байланыстары тілден тысқары факторларды ескеріп отыруы тиіс.

Тақырыптық үлгідегі идеографиялық сөздіктерде кез келген лексикалық бірліктер беріле бермей, онда нақты бір тақырып бойынша шоғырланған мағыналар ғана ашылады. Сөздік түзуде алдымен қажетті тақырыптар анықталып, кейін әр тақырыпқа қажетті сөздер нақтыланады.

Идеографиялық оқу сөздікте сөздер тақырыптық, семантикалық тұрғыдан үйлесіп, ұйымдасып келуімен қатар ол сөздер әліпбилік тәсілмен өз ішінен саралануы мүмкін. [10]

Сөздік кешенді сипат алуы тиіс. Әр тарау өз ішінен тақырыпшалар мен шағын тақырыптарға жіктелуі керек. Ондағы сөздер өзара функционалды – тақырыптық бірлікте болуы керек. Тақырыптық микрожүйе құрастыруда сол тақырыпқа сәйкес сөзжасам модельдері, сөзжасамдық ұяларда ескерілуі тиіс. Көпмағыналы сөздердің әрбір мағынасы түрлі тақырыптарда берілуі мүмкін. [10,173] Оқу материалын тақырыптық – тақырыптық жағдаяттық шеңберде топтастыра отырып, тақырыптық сөздік оқу мақсатында тілдегі сөз бірліктерін сипаттауда жүйелі де коммуникативті принциптердің өзара байланысына әсер етеді. Идеографиялық сөздікте түрлі сөз табына жататын сөздер ортақ мағынасына сәйкес бір семантикалық өріске жинақталуы мүмкін. [11,23]

Сөз қолданысында мағыналары жағынан бір – біріне жақын көптеген сөздердің арасынан іріктеліп алынады. Әрбір сөздің мағыналық мәні сөздердің көптеген кері пропорционалды қатынасында, сол мағыналық континуумының көпшілік, нақтылы ұзындыққа пропорционал, жиілікпен бүркелген бөлігінде жатады. Міне, Ф.Де Соссюрдің фундаменталды түрдегі лингвистикалық теорияларының бірі осы жолға негізделіп дамиды. «... Язык есть система все элементы которой образует целое... входя в состав системы, слово обречено не только значением, но еще главным образом значимостью. Значимость слово определяется не отношением к обозначаемому им объекту, а отношением к другим словам, их значением в данном языке. Отношение это дано в системе языка, оно порождено фактам участия в системе: значимость – функция системы; значимость – это значение языкового факта в системе данного языка» [12,170].

Осылайша, бір тілдегі сөзді басқа бір тілдегі сөзбен сәйкестендіру үшін, олардың әрқайсысының сәйкес жиілікте қандай орын алатындығын білу керек. Ал ол үшін жақсы идеографиялық сөздік қажет. Идеографиялық сөздіктер құрылымдық элементтер мен тіл аспектісінің шағын болуымен ерекшеленеді. Сөздіктің лексикалық қорын құрайтын сөздер сұрыпталады. Идеографиялық сөздіктерді түзуде сөздердің қолданыс жиілігі, парадигмалық және синтагмалық ерекшеліктері, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік қасиеттері, сөзжасамдық қабілеті мен сөз тудырушылық мүмкіндігі, түрлі тақырыптық топтарда қолданылу ерекшелігі, сөздің коммуникативтік ерекшелігі ескеріледі. Лексикалық минимумды сұрыптау барысында тілдің жүйелілік және жүйеден тыс ерекшелігі, тілдік бірліктердің коммуникативті және әдістемелік мәніне ерекше назар аударылады. Сөздіктегі сөздердің сұрыпталуы, олардың мағынасының түсіндірілуі, мәліметтер жиынтығы – бәрі деп ортақ мақсат көздеуі керек. П.Н. Денисов орташа оқу түсіндірме сөздігі 10 – 12 мың сөзден тұруы керек те, ал үлкен сөздік 25 мыңнан аса сөзді қамтуы керек деп есептейді[7].

Лексикалық бірліктерді сұрыптауда оқушы осы сөздерді ғана білуі керек деген принципті көздемей, осы сөздерге сүйене отырып, сөздік қорын толықтыра түсуі, молайта түсуі қажет деген қағида басшылыққа алынуы керек. Идеографиялық сөздіктердің лексика – семантикалық топтардың берілуіне байланысты төмендегідей өзіндік ерекшеліктері бар:

- сөздіктің негізгі мақсаты – қазақ тілін оқыту міндетіне сәйкес тілдің лексика – семантикалық жүйесін (лексика – семантикалық топ жиынтығын) нақты бейнелеу; сол себепті сөздік негізгі лексика – семантикалық топтар мен олардың өзара иерархиялық байланысын қамти отырып, оқу мақсатына сәйкес лексика – семантикалық топтарды іріктейді;
- сөздерді лексика – семантикалық топтарға, идеографиялық сөздіктерге біріктіре отырып, тұтас бірліктер түзеді, онда сөздер, көп мағыналы сөздердің жекелеген мәндері тұтас дүниенің бөлшегі ретінде қызмет етіп, сөздік қор жүйелі түрде меңгеріледі;

– идеографиялық сөздіктер сөздерді жалпы ұғымдық компоненттері бойынша топтастыра отырып, қазақ тілінің өзіндік ерекшелігіне сәйкес жаңаұғымдарды анықтауға, олардың өзара байланысын айқындауға мүмкіндік береді;

–сөздерді семантикалық негізде жүйелей отырып, идеографиялық сөздіктер адам жадында сөз бірліктерінің сақталу тәсілі мен сөз қолданыстың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келетіндіктен, қажетті сөзді тезтабуға мүмкіндік береді;

–лексика – семантикалық топтардың өзегі (доминанты мен жиі қолданылатын стилистикалық жағынан шектелген) анықтай отырып, идеографиялық сөздіктер оқушылардың лексика – семантикалық топ өзегінен шет мүшелеріне қарай материалды игеруін қамтамасыз етеді;

–сөздік анықтамаларында жиі қолданылатын сөздерді анықтай отырып, идеографиялық сөздіктер түсіндірме минимумдарды айқындайды, яғни басқа сөздердің мағынасын осы анықтауыш сөздерге сүйене отырып түсіндіруге жол ашады;

–идеографиялық сөздіктердің материалдары лексикалық жүйенің ерекшеліктерін молынан қамтиды, олардың инклюзивтілігін, яғни бір элементтердің басқа топтарға да ену мүмкіндігін тексереді;

–жекелеген сөздермен қатар лексика – семантикалық топтардың да өзара байланысын (бір лексика – семантикалық топтың басқа үлкен лексика – семантикалық топтарға, синонимдік қатарлардың лексика – семантикалық топтарға ену мүмкіндігін) тексереді;

–лексика – семантикалық топтарды сөздердің жай ғана тізбегі ретінде қарастырмай, олардың құрылымдық ұйымдасуын ашу, яғни лексика – семантикалық топтардың ішіндегі сөздерді мағынасы мен айырым белгілері бойынша қарама – қарсы қоя отырып, идеографиялық сөздіктерде сөздің семантикалық құрылымын жақсы меңгеруге, олардың басқа сөздермен тіркесу қабілетіне, сөздердің өзара жақын немесе қарама – қарсы мәнде жұмсалыуына да ерекше назар аударылады.

Сөздік құрастыруда тіл үйретудің төмендегідей негізгі принциптері басшылыққа алынады:

а) коммуникативтілік принцип; тілдік материалдың ономастикалық бағытта сипатталуы (мағынадан тұлғаға қарай бағытталуы, оның тілдегі көрінісі), функционалдық жолдармен берілуі (ұқсас сөз тіркестері мен фразаларда);

ә) жүйелілік принципі; тілдік материалдың, сөздік қордың жүйелі ұйымдасуы [27,26].

Сөздік түрі сипатталу нысанына қарай анықталуы тиіс. Сөздердің белгілі бір тақырып төңірегінде топтасуы тілдік жүйе деңгейінде жүзеге асуы керек. Сөздер тақырып бойынша топтастырылған кезде лексика – семантикалық топтармен тығыз мағыналық байланыстағы тақырыптық – тілдік немесе тақырыптық – семантикалық топтары ескерілуі керек. Оған мысалдар Иісова Э.Ә. «Идеографиялық оқу сөздігінің тілдік жүйені меңгертудегі орны» атты кандидаттық диссертациясында кездеседі:

Жер бедерінің аттары

Адыр – бір – біріне ұштасып жатқан дөңестер мен белестер.

Мысалы: *Таудың бір етегі көрпедей созылып барып, адырға айналып кетеді. (Қ. Тойшықов)*

АДЫР – БҰДЫР – Тегіс емес ойлы – қырлы.

Мысалы: *Қоңыр топырақ аймағы жазық болып келеді де, оңтүстігі белеңді далаға, адыр – бұдырлы дөңестерге айналып кетеді (К.Баяндин. Топыра құнары)*

Адырлау – АДЫРЫ МОЛДАУ.

Мысалы: *Ол ара жан – жағына еркін көрінетін адырлау жер еді. (С.Мұқанов. Аспаз.)*

Адырлы – Адыры мол.

Мысалы: *Жер қайсықан мал жатыр, Адырлы шыңды кемерде (О.Шипин. Екі дастан).*

Адыр => адырлы -> адырлау

Адырмақ - > адырмақты

Адыр – бұдыр – адырлы – бұдырлы

Айдала – құла түз.

Мысалы: *Асанның әйелі оянып, тысқа шықса, айдалаға қарай жортып бара жатқан бір қасқырды көзі шалды (З.Шишкин. Өмір тынысы.).*

Аймақ - 1. Өлке, өңір, атырап.

Мысалы: *Жауын - шашынның әр қарай болуы республикамыздың түрлі аймақтарында өсетін өсімдіктің құрамы мен түріне көп әсер етеді (Шопан серігі).*

2. Айнала, маңай, төңірек.

Мысалы: *Лагерь аймағы тікенек сыммен қоршалған (Қ. Исабеков, Ажал құрсауы).*

Аймақ - > аймақты - > аймақтық

Асу – Таудың кісі аса алмайтын жері: белес

Мысалы, *Қыста Қаратау асуларын қалың қар алып қалған шақта, бүкіл Созақ ауданы барлық дүниеден қатынасын үзіп, шарасыз болады (Алғы шептегі).*

АТЫРАП – Бұл атырапта бұлт көрінбегелі және бір тамшы жаумағалы талай күн болды (М.Әуезов, Абай).

АТЫЗ – Егістік жердің тақта – тақта етіп, бөлініп жан – жағынан су ағып кетпестей ғып биіктеп қойған кішкене бөлшегі.

Мысалы: Тұқымды мен атызды суға толтырып болған соң ғана ектім.(Ы.Жақаев, «Менің бақытым»).Атыз тарату (соғу).

Атыз жасау. Жер жырту, себу, тырмалау, атыз соғу,тыңайтқышпен қоректендіру ісін олар ұйымшылдықпен жүргізіп келеді.(7,127)

Енді дипломдық жұмыстың үшінші бөлігіне келсек, мұндағы сөздік алдыңғы бөлікке қарағанда күрделірек. Себебі мұнда сөздер кеңінен талқыланады. Бұл бөлік семантикалық өріс деп аталады. Семантикалық өрістің анықтамасы А.Салқынбайдың еңбегінде былай келтірілген: «Семантикалық өріс – бір мағына мен мазмұнның аясына топтасатын , болмыстың жақын, ұқсас, мәндес қасиеттері мен қызметін көрсететін тілдік бірліктердің жиынтығы» [6,63]

«Ата» сөзінің лексика-семантикалық өрісі

Тақырыптық топ:

Туыстық атаулары – Родственные отношения

Ата - дедушка

Әже – бабушка

Әке – отец

Шеше – мать

Аға – брат

Апа - сестра

Іні – младший брат

Қарындас – сестра

Нағашы жұрт – родственники со стороны матери

Нағашы ата – отец матери

Нағашы әже – мать матери

Нағашы апа – сестра матери

Нағашы аға – брат матери

Нағашы тәте – тетя матери

Қайын жұрт – родственники со стороны мужа или жены

Қайын ата – отец мужа или жены

Қайын ене – теща, свекровь

Қайын аға – старший брат мужа

Қайын апа - старшая сестра мужа

Қайын іні – младший брат мужа

Қайын сіңлі – младшая сестра мужа

Лексика-семантикалық топ:

Ата, әже,әке, шеше, аға, апа,әпке, тәте, іні, сіңлі, қарындас,жеңге, жезде, келін, күйеу бала,балдыз,нағашы ата, нағашы әже, нағашы апа, нағашы аға,жиен, немере, шөбере,қайын ата, қайын ене, қайын аға, қайын апа, қайын іні, қайын сіңлі;

«Ата» сөзінің білдіретін мағыналары:

1.Әкенің әкесі – Отец отца,үлкен әке – старший в семье


2.Бір рудың ішіндегі адамдардың туыстық, қандастық тобы – род,племя

3.Нәсіл,теқ,тұқым – потомства, род, раса

Ата сөзінің семасы:

1) Ата – ер адам – мужчина

2) Ата – жасы үлкен, қарт адам – взрослый, пожилой человек



Атай. Ата сөзінің құрметпен айтылуы – уважительная форма слово «дедушка»

Аталас. Ағайындас, туыстас – родственники

Аталы.Текті, өнегелі.Аталы сөз- ақылға қонымды сөз, тауып айтылған сөз – мудрое слово.

Аталық.1.биол.жабық тұқымды өсімдіктер гүлінің аталық жыныс жасушасы өсіп жетілетін бөлігі.2.Атаға тән ізгі қасиет.

Атасыз. Көргені жоқ, тексіз, үлгісіз – безродный, невоспитанный

Ататай. Эмоц.атаға жалыну, жалбарыну – умолять, упрашивать деда.

Ататек Шыққан негізі, арғы түбі -

Атажан. Атаны құрметпен айту, атеке -

Аташым. Эмоц.ата сөзінің ізетпен айтылуы -

Ата сөзіне қатысты мақал-мәтелдер

1.Атаға қарап ұл өсер,

Анаға қарап қыз өсер.

Дочь идет материнской дорогой,

Сын идет отцовской дорогой.

2.Ата балаға сыншы.

Отец – судья своим детям.

3.Ата көрген оқ жонар ,

Ана көрген тон пішер

Ребенок, воспитанный отцом, пули отливает,

Ребенок воспитанный матерью, шубу кроит.

4.Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер.

Как отблагодаришь отца, так отблагодарят дети тебя.

5.Ата – бәйтерек , бала – жапырақ .

Отец – дерево могучее , дети – его листья. [21]

Уақыт – I. Мезгіл, мерзім.

II. филос. материяның үздіксіз дамуы мен объективті бір формасы.

2. ауысп. заман, дәуір. 3. сәт,кез,мезет.

«Уақыт» сөзінің лексика семантикалық тобы:

Ай – месяц; **бір ай** один месяц; **екі/үш ай** два/три месяца; **бірнеше ай** несколько месяцев; **осы айда** в этом месяце; **өткен айда** в прошлом месяце; **келесі айда** в этом месяце; **үш айдан соң** через три месяца;**екі ай өтті** прошло два месяца; **бір жылда он екі ай бар** в одном году двенадцать месяцев; **бір айда отыз күн бар** в одном месяце тридцать дней.

Апта – неделя; **бір апта** одна неделя; **екі апта** две недели; **бір аптада жеті күн бар** в неделе семь дней;

Бүгін – сегодня; бүгін нешесі? Какое сегодня число? Бүгін жетінші сәуір сегодня седьмое апреля;

Бүрсігүні – послезавтра; **апам бүрсігүні келеді** мама приедет послезавтра.

Ғасыр – век; **жиырма бірінші ғасыр** двадцать первый век; **өткен ғасырда** в прошлом веке.

Ертең – завтра; **ертең мейрам** завтра праздник; **ертең кітапханаға барамыз** завтра пойдем в библиотеку.

Жеті – неделя.

Жыл – год; **Жаңа Жыл** Новый Год; **өткен жыл** прошлый год; **келесі жылы** в будущем году; **биылғы жылы** в этом году.

Кез – момент, время; случай; **бір кезде** в одно время; **сол кезде** в тот момент, **кез келгенде** при удобном случае.

Кезең – период; **алғашқы кезеңде** в начальный период.

Кеш – вечер; **кешкі сағат жетіде** в семь часов вчера;

Кешкі – вечерний

Күн – день, **бір күн** один день; **демалыс күн** выходной день; **бір күннен кейін** через день.

Күндіз – днем; **күндіз кітапханаға барамын** днем я пойду в библиотеку;

Минут – минута; **бір минут** одна минута.

Секунд – секунда; **бір секунд** одна секунда; **бір минутта** алпыс секунд бар в одной минуте шестьдесят секунд;

Тал түс – полдень; **шілденің ыстық тал түсі** жаркий июльский полдень;

Таңертең – утро; уторм; **таңертеңі сегізде** в восемь часов утра.

Тәулік – сутки; **екі тәуліктен кейін** через двое суток;

Түн – ночь ; **түн ортасы** глубокая ночь;

Түс – полдень; ;

Ымырт – сумерки/вечерние/ ; **ымырт жабылған кезде** в сумерках.

«Уақыт» сөзіне байланысты айтылатын фразеологизмдер:

Көзді ашып жұмғанша – қазірде – глазом не успеешь моргнуть

Ала қыстай – в течение всей зимы. [20,22]

Ә дегенше – очень быстро

Ала жаздай – в течении всего лето, целое лето [20,21]

Түн баласына – всю ночь

Бір шай қайнатым уақыт – время, за которое закипает чай – немного спустя [20,58]

Жамбасы жерге тигенше – до самой смерти [28,72]

Жеті қараңғы түн – глубокая, поздняя ночь [20,81]

«Уақыт» сөзіне байланысты қолданылатын мақал – мәтелдер

1) Әр нәрсе өз уақытымен қызықты .

Всему свое время

2) Адамды заманы билейді.

Время управляет поступками человека.

3) Жасы бір құрдас емес, заманы бір құрдас.

Не возраст сближает человека, а время.

4) Заманына қарай заңы , тоғайына қарай аңы.

По лесу звери, по времени законы.

5) Уақыт тас екеш тасты да тоздырады.

Время и камень точит.

6) Өткен күнді қуып жетпессің.

Вчерашний день и бегом не догонишь.

7) Әр нәрсе өз уақытымен қызықты.

Все интересно своим временем.

8) Кешегі күннен алыс жоқ, ертеңгі күннен жақын жоқ.

Ничто не дальше вчерашнего дня, ничто не ближе завтрашнего дня.

9) Әр адам өз заманының баласы.

Все люди дети своего времени .

10) Ештен кеш жақсы .

Лучше поздно, чем никогда.

11) Мезгіл жетсе мұз да ерір.

Придет время – и лед растает.

12) Ескіні есіңе алмай, жаңа жадыңа түспейді.

Не вспомянув прошлое, не уяснешь настоящее.

13) Адамды заманы билейді.

Поступками человека время управляет.

14) Әр айдың аты басқа.

У каждого месяца свое название. [21,135 – 136]

Сөздерді семантикалық өріске бөлгенде,біз тіл ұстарту мақсатын алдыға қойдық. Лексикографияда сөз мағынасын ашу мен сипаттау жолының мынадай аспектілері көрсетіліп жүр:

бір топқа жататын сөздердің мағынасын бірдей үлгіде ашу; семантикалық жағынан өзара жақын сөздердің мағыналарын ашқанда, олардың ортақ және айырым мағыналарын жіктеп көрсету. Мұндай ұстаным сөздіктегі тілдік материалды нақты бір жүйеде беруге және сөз мағынасын жан-жақты, толық сипаттауға мүмкіндік береді. Лексикалық бірліктерді сұрыптауда оқырман осы сөздерді ғана білуі керек деген принципті көздемей, осы сөздерге сүйене отырып, сөздік қорын толықтыра түсуі, молайта түсуі қажет деген қағида басшылыққа алынуы керек. Өзге тілді азаматтар арасында қазақ тілін зерттеушілер болса, идеографиялық сөздіктің бұл түрі өте тиімді. Себебі, тіл үйренуші бұдан тек қана сөздер мен сөз тіркестерді ғана таппайды, мұнда мақал – мәтелдер мен фразеологизмдер де көрсетілген. Бұл оқушыға тілді жедел меңгеруіне көп септігін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. Байниязова Ж. Қазақ лексикографиясы: біртүлді оқу сөздігін түзудің ғылыми негіздері.
2. Dubois J., Dubois C. Introduction a la lexicographie. – 1971. – P ., 1971. 171c
3. Морковкин В.В. Основы теории учебной лексикографии:Электронное издание, 1990. 110 с
4. Букин И. Русско – киргизский и киргизско – русский словарь. Казань, 1889. 124 с
5. Апресян Ю.Д. Синонимия и синонимы// Вопросы языкознания . – 1969,- 337 с
6. Түсіпқалиева Р. Қазақ лексикографиясы: Екітілді шағын сөздіктердің құрылымы: фил. Ғыл. Канд. Автореф. – Алматы , 2007.24 б.
7. Иісова Э.Ә, «Идеографиялық оқу сөздігінің тілдік жүйені меңгертуегі орны», Қостанай 2011, 149
8. Исламова А. Шетел сөздерінің лексикографиялық деректерде берілу жолдары// Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ – түрік университетінің хабаршысы
9. Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі (лексика)// Қазақ тіл білімінің мәселелері . – Алматы : Арыс, 2008 .- 79 -203 бет
10. Саяхова. Л.Г. и др. Иллюстративный тематический словарь русского языка. – Москва: Рус.яз., 1989
11. Хасанов Ф. Семантикалық өріс // Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 1996 . – N5. – 23-
12. Ф.де Соссюр. Курс общей лингвистики. – М., Едиториал. УРСС, 2004.272с
- 13.Казахско – русский, Русско – казахский словарь с грамматическим приложением для учащихся с русским языком обучения, Кокшетау, «Келешек – 2030» , 2009,187с
- 14.Школьный русско – казахский словарь, Алма – ата: Рауан,1990. – 320 с,
15. Ағылшынша – қазақша тақырыптық сөздік , «Ақараман» баспа үйі, Астана 2008, 295б
16. А.Қайырбекова: Қазақ тілі, Учебник для 3 класса общеобразовательной школы с русским языком обучения, Алматы «Атамұра» 2010, 239с
- Филология ғылымдарының кандидаты диссертациясы . Алматы, 2008 ,132б
17. Саяхова. Л.Г. и др. Иллюстративный тематический словарь русского языка. – Москва: Рус.яз., 1989
- 18.Юрьев А.Н. Тематический словарь разговорных и просторечных глаголов русского языка / Каз.Нац. ун – т им. Аль – Фараби . – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 173 с
19. Аяпбергенова К. Қазақ тіліндегі медицина лексикасының семантика тәсілімен оқытылуы// Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы – 2008. № 2.- 3 – 7 б
20. Қазақша – орысша фразеологиялық сөздік.Х.Қ.Қожахметова, Р.Е. Жайсақова, Ш.О.Қожахметова,// АЛМА – АТА «Мектеп» 1998, 220б
21. Қазақ мақал – мәтелдері/Казахские пословицы и поговорки, АЛМАТЫКІТАП 2007, 270 б
22. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Алматы: «Дайк Пресс» 2008

References:

1. Benesova G. Kazakh lexicographica: scientific foundations of dictionary brld.
2. Dubois J., Dubois C. Introduction a la lexicographie. – 1971. – P ., 1971. 171c
3. Morkovkin V. V. Fundamentals of the theory of educational lexicography:the Electronic edition, 1990. 110 p.
4. I. Bukin Russian – Kyrgyz range and the Kirghiz – Russian dictionary. Kazan, 1889. 124 p.
5. Apresian Y. D. a Synonym and Synonymy// problems of linguistics . – 1969,- p. 337
6. R Tsepliaeva. Lexicographies in Kazakh: dictionaries the structure of the small Eld: Phil. Scientific. Cand. Avtoref. – Almaty , 2007.24.
7. E Isova.And, "dictionary of the language system Ideographically megareg", 2011 Kostanay, 149
8. A. Islamova. Data transfer path lexicographically foreign words//.And.Yasavi international Kazakh – Turkish University named after Shakarim
9. N Musabaev. Modern Russian language (vocabulary)// problems of linguistics . – Almaty : Arys, 2008 .- Page 79 -203
10. Sakova. L. G. etc. and Illustrative thematic dictionary of the Russian language. – Moscow: Rus.lang., 1989

11. Khasanov N. Semantic fields // the Search. Series of humanitarian Sciences. – 1996 . – N5. – 23 - 12. F. de Saussure. The course in General). – M., Editorial. URSS, c 2004.272
13. Kazakh – Russian, Russian – Kazakh dictionary for students with a grammar Supplement with Russian language of instruction, Kokshetau "KELESHEK – 2030" , c 2009,187
14. The school Russian – Kazakh dictionary, Alma – ATA: Rauan,1990. – 320 c,
15. The Anglo – Russian thematic dictionary , "Aarman Dom pechati, 2008 Astana, 295б
16. A. kairbekova: Kazakh language Textbook for 3rd grade of secondary schools with Russian language of instruction, Almaty Atara" 2010, 239c
- Candidate of philological Sciences, thesis . Almaty, 2008 ,132б
17. Sakova. L. G. etc. and Illustrative thematic dictionary of the Russian language. – Moscow: Rus.lang., 1989
18. And. Yuryev.N. Thematic dictionary of conversational and colloquial verbs of the Russian language / Rus.NAT. Univ they. Al – Farabi . – Almaty: Kazakh University, 2003. – 173 S.
19. Ayapbergenova K. the Teaching of medicine in the Russian language the way the semantics of the vocabulary// Bulletin KazNPU named after Abai. A series of pedagogical science– 2008. № 2.- 3 – 7 б
20. Kazakh – Russian phraseological dictionary.X. G. Kozhahmetova, R. E. Geisow, Kozhakhmetov S. O.// ALMATY, "Mektep", 1998, 220б
21. In Kazakh Proverbs and sayings/Proverbs and sayings in Kazakh, EKSMO 2007, 270 p.
22. T. Zhanuzakov. Explanatory dictionary of the Kazakh language, Almaty: dyke-Press, 2008

Автор туралы мәлімет

Мұханбетжанова А.Р. – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының оқытушысы, Байтұрсынов көшесі 47, 87145521649, 87758225404, e-mail: muhamedzhanova_90@mail.ru

Муханбетжанова А. Р. – преподаватель кафедры журналистики коммуникационного менеджмента Костанайского государственного университета имени А.Байтурсынова, ул. Байтурсынова 47, 87145521649, 87758225404, e-mail: muhamedzhanova_90@mail.ru

Muhanbetzhanova A.R - teacher of the department of journalism and communication management of Kostanay State University named after Akhmet Baytursynov. 87145521649, 87758225404, e-mail: muhamedzhanova_90@mail.ru